

Құқықтық сана және құқықтық тәртіп.

- 1. Құқықтық сананы әлеуметтануды зерделеу.*
- 2. Құқықтық тәртіпті әлеуметтанулық тұрғыда зерделеудің ерекшелігі.*
- 3. Заңгерлердің әлеуметтік – кәсіби портреті, тәртібі, саснасы.**

Құқықтық сана- *индивидтер мен топтардың құқық, оның түрлері, қолдануы туралы білімдерінің, көзқарастары мен бағаларының жиынтығы.*

Әлеуметтанулық тұрғыда құқықтық сананы қалыптастыратын факторлар:

- *қоғам тарихының тәжірибесі;*
- *индивидтерді қоршаған әлеуметтік орта;*
- *индивидтер мен топтардың жеке әлеуметтік тәжірибелері.*

Оның мазмұны, түрі қоғамның әлеуметтік құрылымына: жалпы қоғамға, таптарға, топтарға, жеке индивидтерге байланысты.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА ДЕҢГЕЙЛЕРІ:

1. Теориялық – құқықтың мәні, пайда болуы, түрлері, заңдылық пен құқықтық тәртіп, құқықтық мемлекеттегі заңды жауапкершілік туралы жүйелі ғылыми білім деңгейі.

Оған тән сипаттар:

- ұтымдылық,
- логикалық аргументтерге негізделу,
салыстырмалы түрдегі қарама-қайшы емес көзқарастар тән,
құқықтық құбылыстарды түсінуге бағытталуы.

Теориялық деңгей- ғалымдар мен кәсіби құқықтанушылардың қызметтерінің нәтижесі. Олардың көзқарастары ғасырлар бойы қалыптасқан және қазіргі замандағы заң тәжірибесі мен теорияларын салыстырып зерделеу барысында қалыптасқан ғылыми ұғымдарда, құқықтық идеялар, теорияларда көініс тапқан.

2.Әдеттегі құқықтық сана – жүйеленбеген, құқық нормалары және заңдар туралы, құқық пен оның қолданылуы туралы фрагментарлық, бытыранды, қарама-қайшы, кейде тіпті ойдан шығарылған білімнен тұрады.

Қалыптастырады:

- күнделікті өмір,
- адамдардың өзара араласуының нәтижесі,
- құқықтық нормаларды қолдану тәжірибесі,
- заңдылық жауапкершілігі,
- құқықтың жұмыс істеуі туралы эмпирикалық білім

Әдеттегі құқықтық санада – кәсібиліктен алыс болғандықтан моральдық бағаға негізделген құқықтық көзқарас орын алады. Кейде кәсіби санаға жақындайды. Мысалы: белгілі бір өз мүддесі үшін адам тұрғын үй заңының білгіріне айналады.

Заң әлеуметтануының негізін қалаушылар ХХ ғ. басында құқықты екіге бөлді:

- «кітаптағы құқық»
- «өмір құқығы- живое право»

Құқық проблемаларын әлеуметтанулық тұрғыда қарастырған Ресей зерттеушісі Ю. И. Гревцов құқықтық сананың екі түрін ажыратады:

- 1. белгілі бір түрлерде материалданған (заңдарда, ғылыми доктриналарда), қатып қалған – кешегі құқықтық сана;*
- 2. тірі (өмірлік) живое - күнделікті өмірде индивидтер, топтардың, ұйымдардың әрекеттестіктерін реттеп қызметін атқаратын, нақты әлеуметтік – құқықтық тәжірибені көрсететін құқықтық сана.*

ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА ҮЛГІЛЕРІНІҢ КОМПОНЕНТТЕРІ

- құқықты қоғамдағы қатынастарды реттеуші деп білу;*
- өз құқығы мен еркіндігі, құқық арқылы реттелетін іс-әрекеттер туралы түсінігі;*
- құқықтық құбылыстарға қатынасы (жалпы құқыққа, нақты құқықтық норма талаптарына, юстиция органдары мен олардың қызметіне);*
- өзінің құқықтық жағдайын, заңдарды және құқықтық белсенділікті бағалауы*

Құқықтық сана құқықтық тәртіппен тығыз байланыста.

ҚҰҚЫҚ АРҚЫЛЫ РЕТТЕЛЕТІН АДАМДАР ӘРЕКЕТТЕРІ БӨЛІНЕДІ:

1. ЗАҢҒА СЫЯТЫН (ПРАВОМЕРНЫЕ)-

- объективті- заңға сәйкес- өз мақсатына жету үшін тұлға заңдық нормаларды ұстанады;
- **ситуациялық - заңға сәйкес- ішкі сенімі болмаса да белгілі бір ситуацияда тұлға тәртібі қабылданған нормаға сәйкес болады;**

Заңға бағыну – тұлғаның мүддесі құқықтық нормаларға толық сәйкес келмесе де адам заңға бағынады;

2. ЗАҢҒА СЫЙМАЙТЫН, ЗАҢҒА ҚАЙШЫ (НЕПРАВОМЕРНЫЕ – ПРОТИВОПРАВНЫЕ).

-іштей – себептелген обусловленным- тұлға қоғам мүддесін немесе басқаның құқығын саналы түрде бұзады, құқықтық норма бойынша міндеттерін орындамайды;

- жағдайға байланысты- кездейсоқ – құқықтық норманы білмегендіктен немесе қолайсыз жағдайға байланысты құқық бұзушылық.



Құқықтық тәртіптің анықтамасы өте көп. В. Н. Кудрявцев және В. П. Казимирчуктердің пікірінше: «құқықтық тәртіп – дара және ұжымдық субъектілердің санасы мен ырқынмен бақыланатын құқық нормалары мен заңды салдар тудыратын әлеуметтік мәні бар тәртіп .

Тұлғаның құқықтық тәртібінің негіздері:

1.қажеттіліктер;

2.қызығушылықтар;

3.тәртіптің түрткілері - мақсаттар,



ТӘРТІПТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МОТИВТЕРІ- ТҮРТКІЛЕРІ:

- құқықтық норма талаптарының дұрыстығына іштей сенімділік;
- заңды орындауға деген өзіндік қажеттіліктің болуы;
- заңды орындауға деген қоғамдық қажеттілікті түсіну;
- заң талаптарына саналы түрде бағыну;
- өз құқығын білу;
- топтық мүддені түсіну;
- заң алдындағы жауапкершіліктен қорқу;
- дәстүр;
- белгілі бір ережелерді селқос орындау, дағды;
- жеке басының мүддесі үшін;
- заңды құралдар арқылы негативті мотивтерді жүзеге асыру (кек алу, қызғаншақтық).

Жаңа қабылданған нормаларға дейін және кейінгі адамдар тәртібін зерделеп нормалардың тиімділігі 4 саты өткен соң анықталатынын көрсетеді:

- 1. нормаларда индивидтің жасырын өмір мақсаттарының актуализациялануы;*
- 2. жаңа нормалардың мақсатқа жетуге мүмкіндік туғызатынына сенімділік;*
- 3. күнделікті стереотиптерде нормалық үлгілерді бекіту;*
- 4. бұрынғы тәртіп түрлеріне деген сенімді жою.*

Құқықтық сана мен құқықтық тәртіп арқылы құқықтың әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі орнын, қоғам мүшелерінің құқыққа деген реакциясын түсінуге болады.

Құқықтық сана мен құқықтық тәртіп тығыз байланыста, әртүрлі әлеуметтік факторларға мен жеке индивидтер, топтардың әлеуметтік – құқықтық тәжірибесі, нақты қоғамның тарихи тәжірибесіне тәуелді көптеген түрлері, деңгейлері қалыптасқан.

ЗАҢГЕРЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК – КӘСІБИ ТОПТАРЫ: ӘЛЕУМЕТТІК ПОРТРЕТ, ТІРТІП, САНА.

Заңгерлер- кәсіби білімдерінің негізінде әлеуметтік өмірді реттейтін құқықтық нормаларды жасау, қол қорғау қызметтерін атқаратын мамандар. Оларға тән сипаттар:

- 1. теориялық білімге негізделген дағдылы қызмет;*
- 2. бұл дағдыға арнайы білім мен оқу арқылы жету;*
- 3. дипломмен кепілдендірілген ерекше біліктілік;*
- 4. кәсіби ұқсатығын көрсететін тәртіп кодексiнiң болуы;*
- 5. қоғам игілігі үшін белгілі бір қызмет бабындағы міндеттер атқару;*
- 6. кәсіби ассоциацияларға мүшелік.*



ЗАҢГЕРЛЕР ӘЛЕУМЕТТІК СТАТУСТАРЫНА , ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАЛАРЫ, АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ҚАРАЙ ЕРЕКШЕЛЕНЕДІ. ЗЕРТТЕУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ЕРЕКШЕЛІКТЕР:

-заңгер мамандар арасында ішкі кәсіби мәртебе шкалалары негізінде стратификациялық жіктелу;

- заң мамандарын азаматтардың бағалауы және өздерін өздері бағалауы (статустарын, қызметтерін);

-әртүрлі мамандар арасындағы қатынастар, ішкі кәсіби жанжалдар;

-топ ішіндегі қатынастардың кәсіби қызметтерді атқаруға ықпалы;

-заңгерлердің адам құқығы мен бостандығын қорғауға дайындығының деңгейі;

-кәсіби менталитет ерекшелігі;

-кейбір заңгерлер тарапынан жаңа құқықтық институттарға деген қарсылық нұсқалары мен дәрежелері (мысалы, присяжныйлар соты-сот ісіне қатысып шешім қабылдау үшін белгілі бір уақытқа сайланғандар);

-кәсіби мансап ерекшелігі және «кланның» кәсіби – қызметте өсуге ықпалы.



Әлеуметтанушыларды құқықтық нормаларды білумен қатар оған деген көзқарас та қызықтырады.

Зерттеулер мен басылымдар бойынша заңгерлердің құқыққа деген көзқарастары әртүрлі:

-заңды толық сыйлау (ең жаман деген заң, заңсыздықтан жақсы деген пікірмен)

-елемеу және тікелей бұзу.



Кәсіби мамандардың құқықтық санасы азаматтардың құқықтық санасына әсер етеді. Сондықтан кәсіби менталитет ерекшелігін зерделеудің маңыздылығы мамандар қатынасқа түсетін индивидтердің құқықтық көзқарастары, түсініктері мен стереотиптерін түсіну үшін қажет.

Кәсіби қызметті атқару, заң талабына сәйкес құқықтық тәртіп орнату заңгерлер арасындағы өзара қатынастарға тәуелді. Бұл қатынастарды зерделеу:

-басқаның қызметінің ерекшелігін білу өзінің қызметіне қалай қарайтынын білдіреді;

-әртүрлі мамандықтағы заңгерлердің арасындағы қайшылықтардың түрлері мен бастауларын: дәстүрлері, дағдылары, стереотиптеріндегі келіспеушіліктерді көрсетеді;

-топ ішіндегі қатынастардың мүмкіндіктері мен дәрежесінің қоғамдық мүддені жүзеге асыруға әсерін анықтайды.

Заңгерлердің кәсіби топтары туралы пікір толық болу үшін барлық топтарға тән ерекше проблемаларды қарастырған жөн. Мысалы ІІБөлімшелері қызметкерлері үшін үлкен проблема-жоғары дәрежедегілер мен қатардағы қызметкерлер арасындағы қатынас (субъективизм, әкімшілдік, бассыздық-произвол); еңбек жағдайына деген қанағаттанушылық, ІІБ қылмыстылық т.б.

Басқа да арнайы топтардың проблемаларын осылай көрсетуге болады (адвокаттар, соттар, нотариустар, кеденшілер). Әрине бұл мәселелерді зерделеу үшін екіжақты қолдау табушылық қажет:

- кәсіби заңгерлер*
- әлеуметтанушылар*

